



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2025 жылдың I жартыжылдығында анықталған жалған ақша белгілері туралы

Астана қ.

2025 жыл, 21 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі мен екінші деңгейлі банктер 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 465 150 теңгенің 96 жалған ақша белгісін (93 банкнота және 3 монета) анықтады.

Көбіне 5 000 теңгелік номинал қолдан жасалған. 85 дана банкнота жалпы тәркіленген ақшалардың 88,5%-ын құрады. Одан кейін 5 дана (5,2%) – 2 000 теңгелік номиналға, 3 дана (3,1%) – номиналы 10 000 теңгелік банкноталарға, қалған 3,2% – монеталарға тиесілі.

Ұлттық Банк шынайы банкноталарды қолдан жасалған ақшадан өз бетінше ажыратуға көмектесетін қарапайым ережелерді еске салады.

Жалған түрі

Жалған банкноталар, әдетте, кәдімгі офсеттік қағазға түрлі түсті принтер арқылы және компьютерлік техниканың көмегімен жасалады.

Түпнұсқасы





Жалған



Түпнұсқа

Микротекстер бұлыңғыр келеді және ұлғайтқан сайын анықтығын жоғалтады.



Жалған

Жалған банкнотада сүтамғы белгісі жоқ.

Түпнұсқа



Жалған

Түпнұсқа

Патч элементінің көлемді бейнесі жоқ және кәдімгі бояумен басылған, күн белгісі сәулесінің жан-жаққа шашыраған голографиялық әсері мен номиналдың цифрлық кескінінен ою-өрнекке ауысу әсері болмайды.



Жалған

Түпнұсқа

Қорғаныш жібі динамикалық және түсін өзгерте алатын әсерден ада, әрі жарыққа тосып қарағанда тұтастығы байқалмайды.



Шынайы банкноталарда көзбен қарап және қолмен ұстап анықтауға болатын бірнеше қорғаныш белгілері бар. Ол белгілермен Ұлттық Банктің ресми сайтында танысуға болады: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/zashchitnye-elementy-na-banknotah-nacionalnoy-valyuty---tenge>.

Қазақстан Ұлттық Банкі банкноталарды қолдан жасауға жол бермеу үшін тұрақты түрде жұмыс жүргізіп келеді және азаматтарды қолма-қол ақшаны пайдаланған кезде мұқият әрі сақ болуға шақырады.

Егер шынайы ақша белгілеріне ұқсас күмәнді банкноталар кезігетін болса, дереу құқық қорғау органдарына жүгінген жөн.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz